

УДК 159.9

СТУДЕНТТІК КЕЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Сүлейменова Галия Мейрамбековна

goldenstar82@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің психология кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Телегенова Гульнара Талгатқызы

gulna_ra_88@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.КАйқынбаева

Студенттік шақтағы даму ересек адамның даму сатыларына сәйкес болады. Студенттік шақ «жетілу мен кемелденудің арасындағы өтпелі кезең» ретінде анықталып, «екінші жасөспірім шақ» немесе «ерте ересектік шақ» деп аталады. Б.Г.Ананьев және т.б. психологтардың зерттеулеріне қарағанда, студенттік шақта адамның негізгі қызметтері (сенсорлық-прецептивтік), психомоторлық (қимыл-әрекеттер), әсіресе, сөйлеу-ойлау үдерістері айтарлықтай белсенді түрде дамиды. Мысалы, оперативтік, ес, зейіннің аударылуы, есептер шығару т.б. таным процестерінің қалыптасып, дамуының шапшаңдығы артады. Жоғары оқу орнының адамның психикалық дамуына, тұлғалық жетілуіне ықпалы зор болады. Жоғары мектептегі кәсіби білім беру жағдайы жайлы болса, студенттердің психикалық әлемінің барлық қырлары дамиды. Басқаша айтқанда, студенттік шақ адамның жалпыпсихикалық дамуы жағынан қарқынды әлеуметтену; жоғары психикалық қызметтің үдері дамуы: зияткерліктің барлық түрлерінің жоталану кезеңі болып табылады.

Студенттік жас (18-25 жас) адам өміріндегі ерекше кезең болып табылады, себебі «жалпы мәні бойынша және негізгі заңдылықтары бойынша 1-ден 25-ке дейінгі жас, балалық даму кезеңдері қатарындағы ақырғыдан гөрі, кемелді жас кезеңдерінің қатарында бастапқы буын болып табылады [1].

«Студент» ұғымы латын тілінен аударғанда, ынтамен жұмыс істеуші, білімді меңгеруші дегенді білдіреді. Студенттің жеке тұлға болып қалыптасып, дамуына, әлеуметтенуіне келесідей факторлар әсер етеді. Олар:

1. Психологиялық. Жеке тұлғаның қалпы мен қасиеттерін, таным процесстерінің бірлігін білдіреді. Бұл факторлардың негізгісі – психологиялық қасиеттер (бағыттылық, темперамент, қасиет, мүмкіншілік). Бұларға адамдағы психологиялық процесстердің ағымы мен психикалық жағдайдың пайда болуы тәуелді.

2. Әлеуметтік. Студентке қатысты белгілі бір әлеуметтік топқа, ұлтқа, т. б. қатыстылығынан туындайтын қоғамдық қатынастар арқылы әсер етеді.

3. Биологиялық. Бұған жүйке жүйесінің типін, анализаторлар құрылысын, шартсыз рефлексдер, түйсіктер, физикалық күш, тұла бойы, бет әлпеті, терісінің түсі және т. б. кіреді. Әрине, негізінен тұқым қуалаушылық және туа біткен қабілеттермен байланысты болғанымен, белгілі шектерде өмір сүру жағдайының өзгеруіне байланысты өзгерістерге түседі [2].

Жалпы студенттік жас биологиялық, психологиялық, әлеуметтік үдерістерге негізделген ең жоғары «шың» нәтижелерінің болуымен сипатталады. Егер студентті 17 – 20 жастағы тұлға ретінде қабылдаса, бұл кезең студенттің өнегелі және эстетикалық сезімдерінің белсенді дамуына, мінез - құлқының қалыптасуы мен тұрақтануына, есеюдің әлеуметтік рольдерінің (азаматтық, кәсіптік, еңбек және т.б.) толық кешенін меңгеруіне байланысты. Бұл жаста «экономикалық белсенділік» басталады. Демографтардың пайымдауынша, осы кезеңде адамның дербес өндіру қызметі, еңбек биографиясының басы және отбасын құруға құлшынысы басталады. Бір жағынан мотивацияны түрлендіруі, барлық бағалы бағыттар жүйесін құру болса, екінші жағынан мамандыққа үйрену жолындағы арнайы қабілеттіліктерді қарқынды ұйымдастырады. Бұл жас негізінен мінез – құлық пен ақыл – ойдың қалыптасу кезеңдеріне сәйкес келеді.

Орыс психологтары Б.Г.Ананьев, А.В.Дмитриев, И.С.Кон, Т.И.Лисовскийдің зерттеулері бойынша жоғары оқу орнында оқу уақыты жастық шақтың екінші кезеңі және ержету шағының бірінші кезеңіне сәйкес келеді. Бұл кезең жеке тұлғалық ерекшеліктердің қалыптасуының күрделілігімен ерекшеленеді. Өнегелі дамудың сипатты белгісі, ол мінез – құлыққа ықпал ететін себептерінің күшейуі. Сонымен қатар, мотивтелмеген тәуекелшілдікте аз болмайды, өзінің жасаған ісін алдын ала болжап көре алмаудан әрқашан лайықты мотиві бола бермейді. Мысалы, Т.И Лисовскийдің пікірінше 19 – 20 жас – бұл риясыз құрбан болу және толық жауап қайтару, бірақ жағымсыз көріністері де бар.

Жастық шақ - өзін - өзі байқау және өзін - өзі бағалау алаңы. Өзін - өзі бағалау идеалды және реалды «Мен»-ді салыстыру арқылы жүзеге асады. Э.Эриксонның пікірі бойынша, жастық шақ, әлеуметтік және жеке тұлғалы, идентификациялы және өзін-өзі анықтаудағы сериялық таңдаулардан тұратын, ұқсастық дағдарысы айналасында қалыптасады [3].

Адамның көптеген арнайы қажеттіліктері, қарым-қатынас жасау мен тұлға болып қалыптасу қажеттіліктерін қоса есептегенде, адамға туа бітеді. Әдетте адамның тұлға болып қалыптасуының қайнар көзі ретінде қоғам, ал оның дамуына әсер етуші күш ретінде заттық құбылыс жүйесіндегі қарама-қайшылық қарастырылады. Студенттік мәселені ерекше әлеуметтік-психологиялық және жас ерекшелік категориялар ретінде қою еңбегі Б.Г.Ананьевтің психологиялық метебінікі. Б.Г.Ананьевтің өзінің, Н.В.Кузьминаның, Ю.Н. Кулюткинның, А.А.Реанның, Е.И.Степанованың зерттеулерінде, сондай-ақ П.А.Просецкий, Е.М.Никиреев, В.А.Сластенин, В.А.Якунин және т.б. еңбектерінде осы мәселе бойынша бақылаулардың үлкен эмпирикалық материалдары жинақталған, эксперименттер мен теоретикалық жалпылаудың нәтижелері келтіріледі [4]. Осы көптеген зерттеулердің мәліметтері студентті әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық бағыттағы оқу іс-әрекетінің ерекше субъекті ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Студенттік кез – бұл ерекше әлеуметтік категория, жоғарғы білім беру институтымен ұйымдастырыла біріктірілген адамдардың ерекше қауымдастығы. Студенттік шақ білімдер мен кәсіби іскерліктерді мақсатты, жүйелі игеруші, ұйғарылғандай, табанды оқу еңбегімен айналысатын адамдарды қамтиды. Әлеуметтік топ ретінде кәсіби бағыттылығымен, болашақ мамандыққа тұрақты қатынастың қалыптасқандығымен сипатталады, бұның өзі кәсіби таңдаудың дұрыстығының, студенттің таңдап алған мамандық жайлы ойының барабарлығы мен толықтығының мәні болып табылады. Соңғысы мамандық қоятын талаптар мен кәсіби іс-әрекеттерін білуді қамтиды. Көптеген ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелерінің бойынша студенттердің мамандық

жайлы елестетулері деңгейі (біркелкі және біркелкі емес) оның оқуға деген қатынасының деңгейімен теңестіріледі: студент мамандық жайлы неғұрлым аз білсе, соғұрлым оның оқуға деген қатынасы жағымсыз болады. Сонымен бірге студенттердің көпшілігі оқуға жағымды қатынаста екені көрсетілген.

Әлеуметтік–психологиялық аспектіде студенттік кезең басқа топтармен салыстырғанда, білімділіктің неғұрлым жоғары деңгейімен және танымдық мотивацияның жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Сонымен бірге студенттік шақ – әлеуметтік қауым, яғни ол аса жоғары әлеуметтік белсенділік пен интеллектуалдық және әлеуметтік кемелділіктің жеткілікті үйлесімді арақатынасымен сипатталады. Студенттік кездің осы ерекшелігін есепке алу оқытушының әр студентке педагогикалық қарым-қатынас партнері ретінде, оқытушы үшін қызықты тұлға ретіндегі қатынастарының негізінде жатыр. Тұлғалық-іс-әрекеттік тұрғыдан студент белсенді, өз іс-әрекетін өз бетінше ұйымдастыратын педагогикалық өзара әрекеттесу субъектісі ретінде қарастырылады. Оған танымдық және коммуникативтік белсенділіктің нақты кәсіби-бағдарланған міндеттерді орындауға деген ерекше бағыттылық тән. Студенттік кез үшін оқытудың негізгі формасы таңбалық-контекстік болып табылады (А.А. Вербицкий) [5]. Студенттік кезді әлеуметтік-психологиялық сипаттау үшін маңыздысы адам дамуының осы кезеңінің қалыпты экономикалық тұрақтылықтың қалыптасуымен, ата-аналық үйден кетіп, өзінің отбасын құрумен байланысты болуы. Студенттік кез – адамның, жалпы тұлғаның қалыптасуының, сан алуан қызығушылықтардың көрінулерінің орталық кезеңі. Бұл спорт рекордтарын орнату, көркемөнер, техникалық және ғылыми жетістіктерге жету, адамның болашақ «қайраткер», кәсіпқой ретінде қарқынды және белсенді әлеуметтену уақыты. Осыны оқытушы оқу іс-әрекеті мен жоғары оқу орнындағы педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыру мазмұнының және тәсілдерінде есепке алады.

Б.Г.Ананьев мектебінің зерттеушілері алған мәліметтердің көрсетуінше, студенттік жас – бұл интеллектуалдық құрылымданудың күрделі шағы, ол өте даралық және әртүрлі. Осы жастағы адам интеллектісінің мнемологиялық «ұйытқысы» бір жағынан, үнемі «шындардың» немесе «оптимумдардың» кезектесуімен сипатталса, келесі жағынан осы ұйытқыға кіретін қызметтермен сипатталады. Бұл дегеніміз, оқу тапсырмалары үнемі бір мезгілде меңгеріліп отырған материалдың түсінілуіне, ұғынылуна және студенттің есінде қалуы мен құрылымдануына да, оның сақталуы мен мақсатты өзектілігіне бағытталған. Мәселені осылайша қою бірқатар оқу-әдістемелік зерттемелерде бейнелеуін тапты, мұнда мәселелік міндеттерді орындауда оқу ақпаратының студент жадында қалуының, түсінілуінің және бекіп қалуының ажырамастығы көрсетіледі. Студенттердің танымдық іс-әрекетін белсендендіру үнемі оқу ақпараттарының есте сақталуы және қайта жаңғыртылуымен қатар жүреді.

Студенттің тұлға болып қалыптасуына дүниетаным, қоршаған ортаға деген көзқарас әсер етеді. Мінез-құлық пен қайраткерлік ерекшеліктері темперамент айырмашылығы себебінен туындайды. Сонымен қатар студент қызметі түрінде оның мінез-құлқы да сипатталады. Яғни оның жүріс-тұрысына әсер ететін мінез-құлық жиынтығы. Мінез-құлық дегеніміз бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болатын адамның қылықтарының жиынтығы. Ол, біріншіден, интеллектуалды қылықтар – аңғарушылық, ақылдылық, парасаттылық, ақыл орамдылығы; екіншіден, сенімділік, ақ көңілділік, сергектік, ширақтық; үшіншіден, мақсатқа талпынушылық, шыдамдылық, шешімділік; төртіншіден, адалдық, әділеттілік, жауапкершілік. Адамның мінез-құлқы әлсіз және мықты, тұйық және өзімшіл, тұтас және қарама-қайшы болады. Студенттің оқу іс-әрекетінің субъекті ретіндегі елеулі көрсеткіші оның осы іс-әрекеттің барлық түрлері мен үлгілерін орындау ептілігі болады. Алайда, арнайы зерртеулер нәтижелерінің көрсетуінше, студенттердің көпшілігі дәрістерді тыңдауды және жазуды, әдебиеттерден конспектілеуді білмейді (көп жағдайда дәріс материалының тек 18-20% ғана жазылады). Мысалы, В.Т. Лисовскийдің мәліметтері бойынша, студенттердің тек 28,8% ғана аудитория алдына шығып сөйлей алады, пікір талас жүргізуді 18,6%, мәселенің аналитикалық бағасын беруді 16,3% ғана біледі. Нақты

әлеуметтік зерттеу материалында көрсетілгендей: студенттердің тек 37,5% жақсы оқуға ұмтылады, 53,6% үнемі тырыса бермейді, ал 8% мүлдем жақсы оқуға ұмтылмайды. Бірақ тіпті жақсы оқуға ұмтылғандардың өзінде 67,2% оқу үлгерімі жақсы емес. Соңғы он жылдықта осы іскерліктер мен жалпы оқуға деген қатынастардың сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі тұсында олардың толықтай қалыптаспауының жалпы бейнесі сақталып қалды.

Оқытушылар алдында студентті оқу іс-әрекетінің субъекті ретінде қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық міндеті тұр, бұл ең алдымен, оны өз іс-әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру ептілігіне, толықтай оқу, қарым-қатынас жасау іскерлігіне үйретуді ұйғарады. Мәселені осылайша қою табысты оқуға қажетті оқу іс-әрекеттерін, оларды нақты оқу материалында орындау бағдарламасын анықтауды және оларды қалыптастыру бойынша жаттығуларды нақты ұйымдастыруды талап етеді. Бұл жерде осы әрекеттерді үлгілі орындауды мұғалім студенттердің 1-курстағы оқуға бейімделу кезеңінің қиындығын есепке ала отырып, өзі көрсетуі керек.

Студенттің жаңа құндылық бағдарларының, түрткілерінің және басқа да даралық қасиеттерінің қалыптасуында оқытушының әсеріне баға жетпейді. Студентке, әлеуметтік кемелденген тұлға, ғылыми дүниетанымды тасымалдаушы ретіндегі қатынас, дүниетаным – бұл адамның тек дүниеге ғана емес, осы дүниедегі өзінің орнына деген көзқарастар жүйесі екенін есепке алуды ұйғарады. Басқаша сөзбен айтқанда, студенттің дүниетанымын қалыптастыру дегеніміз оның рефлексиясын дамытуды, өзін іс-әрекет субъекті ретінде, белгілі бір қоғамдық құндылықтарды тасушы, әлеуметтік пайдалы тұлға ретінде саналы түсінуін білдіреді. Өз кезегінде, бұл оқытушыны оқытудың диалогтығын күшейту жайлы, педагогикалық қарым-қатынасты арнайы ұйымдастыру жайлы, студенттер үшін өз көзқарастарын, мақсаттарын, өмірлік позицияларын сақтап қалуға оқу орнындағы оқу-тәрбиелеу үдерісінде жағдай жасау жайлы ойлануға міндеттейді.

Студент тұлғасын зерттеуге мынадай талаптар кіреді: оқуға түсудегі себептері, жалпыбілімдік дайындық деңгейі, оқуға түсер алдында немен шұғылданды, өмірдегі қызығушылықтары қандай, мінез-құлық ерекшеліктері, денсаулығының күйі, оның болашақтағы мамандығының талаптарына сай келуі. Студенттің қызмет түрі оның мақсаттарына, ішкі және сыртқы талаптарына, бастан кешірген қиындықтарына, ағымдағы психикалық процесстердің ерекшеліктеріне, басқарушылықты және жетекшілікті жүзеге асыруда ұжым мен жеке тұлғаның жағдайына байланысты.

Студенттің қызмет түрінің ерекшеліктері мыналар: өзінің мақсаттары мен нәтижелерінің болуы (өзіндік еңбекке дайындығы, білімді игеру, өзінің адамдық қасиеттерінің дамуы), зерттелінді объект ерекше қасиеті (ғылымдық білімі, болашақ еңбегі туралы мәлімет), студент қызметінің жоспарланған шарттарда жүзеге асуы (оқу мерзімі мен жоспары), қызметке психика қызметінің жүйелілігі мен жоғарғы интеллектуалдық қысым тән. Оқу тиімділігі адамның оқуға икемділігіне деген психикалық қасиетімен анықталады. Бұл - адамның жеке басының қасиеттері (бейімділігі, тұлғаның икемділігі) мен интеллектуалдық мүмкіндіктері. Тұлғаның бағыт-бағдарының негізін оның қажеттіліктері құрайды, олар материалдық (киімге, тамаққа, тұрғылықты жерге деген қажеттілік) және рухани (танып-білуге, музыкаға, кітаптарға деген қажеттілік) болуы мүмкін. Қажеттіліктер ұмтылысты, эмоционалды күйді, құлшынысты тудырады. Қажеттіліктер саналы түрдегі, санасыз түрдегі және жарым-жартылай болуы мүмкін.

Ең басты қажеттілік - қарым-қатынас қажеттілігі, жетістіктерге жету қажеттілігі. Студенттердің оқуға деген қызығушылықтарының терең әрі тұрақты болуы олардың тұлға болып қалыптасуының маңызды шарты болып табылады. Танымдық қызығушылықтар дамып, сонымен қатар сөне де алады. Оқуға деген қызығушылықтардың жоғалуы оқудағы қиындықтардың туындауынан, оқыту әдістемесі мен оларды ұйымдастырудың кемшіліктерінен туындауы мүмкін. Студенттің қызметі барысында байқалатын психологиялық ерекшеліктер оқу орнының бағдарламасын табысты меңгеруге, білімді болашақ маман ретінде қалыптасуына септігін тигізеді.

Оқу үлгеріміне ағза белсенділігінің белгілі бір түрі сәйкес келетін студент дене бітіміде әсер етеді. Мысалы, серуен типіне жататын адам күшін тез жұмсайды, сондықтан да оған бастапқыда қиын тапсырмалар беру қажет, бірте-бірте тапсырмаларды қысқарту қажет. Олар көп жағдайларда өткен материалдарды қайталауды талап етеді, себебі оларда ұзақ мерзімдік жады нашар болады. Астениктердің реактивті типі тапсырмаларды барған сайын қиындатуға мүмкіндік береді, олар өткен материалдарды сирек қайталайды. Оқу үлгеріміне сана сезім ерекшеліктері әсер етеді. Мысалы, өзін-өзі бағалау сияқты сана сезімнің ерекшелігі. Жүйке жүйесінің күші қызмет барысындағы орындалатын іс-әрекеттерді іріктеуге әсер етеді. Оқу стилі дегеніміз дегеніміз әр индивидтің өз бетімен дайындалу және оқу жұмыстарының жиынтығы. Келесі сабақта өткізілетін дәріске алдын-ала дайындалу мен оны жетік меңгеруге бейімделу оқу үдерісінің тиімділігін арттырады.

Материалды меңгерудің тиімді әдістерін іздеу даму деңгейіне тәуелді болып табылады: 1) интеллекттен; 2) өзін-өзі тексеруден; 3) еріктен. Студенттердің екі типі болады – сабақ оқу ұдайылығының жоғары және төменгі деңгейі. Сабақ оқуда белгілі бір жүйеліктің болмауы студенттердің оқудан шығуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Оқу үдерісінің тиімділігін арттырудың әр түрлі жолдары бар: оқу әдістерін жетілдіру, оқулықтар оқыту жоспарын құрудың жаңа әдістерін өңдеу, офисрегистратордың жұмысын жетілдіру, оқу орнындағы психологиялық қызмет көрсету орталығын ашу және т.б. Барлық әдістерде де - орталық буын студенттің жеке тұлғасы.

Студенттік жас, Б.Г.Ананьевтың зерттеуі бойынша, адамның негізгі социогендік дамуының сензитивті кезеңі болып табылады. Жоғары білім, адам психикасына, оның тұлғалық қасиеттерінің дамуына жоғары әсер етеді. Жоғары оқу орнында табысты нәтиже көрсету үшін интеллектуалды дамудың биік деңгейі қажет, олар түйсіну, қабылдау, жад, ойлау, қиял процестері. Бұл деңгейдің кейбір жерінде төмендеуі мотивациямен, шыдамдылықпен, жоғары жұмыскерлікпен өтеңестіруі мүмкін. Бірақ, осы төмендеудің өтемелі механизмдері көмектесе алмайтын шегі бар.

Бірінші курс студентінің бейімделу үдерісінен өтуде келесідей қиыншылықтарға кезігуі мүмкін: мектепті бітіруіне байланысты жағымсыз әсерленушілік, мамандық таңдауындағы анықталмаған мотивациялар, жеткіліксіз психологиялық дайындық, конспектілеуге икемінің болмауы, сөздіктермен, анықтамалармен жұмыс істей алмауы.

Бір қиыншылықтар объективті сипатта болса, екіншісі – субъективті болады. Жоғары оқу орнында студенттердің әлеуметтік бейімделу: кәсіби бейімделу және әлеуметтік – психологиялық бейімделу деп бөлінеді. Сонымен бейімделу қабілетіне, адамның ішкі ортамен араласып, ыңғайсыздық пен қолайсыздықтан құтыла білу қабілеті жатады. Бейімделу – белсенді қызмет және оның қажетті нәтижелілік шарты. Зерттеушілер студенттерінің жоғары оқу орындарының талабына сәйкес бейімделуін: формальды бейімделу; қоғамдық бейімделу; дидактикалық деп бөліп қарастырады [6]. Студенттің әрекеті табысты болуының қажетті жағдайы - жоғары оқу орнында оқудың өзіне таныс емес жаңа ерекшеліктерін, ішкі дискомфортты жоюды түйсінуді және ортамен шиеленісті болдырмау мүмкіншілігін игеру. Бастапқы курстарда студенттік ұжым құрылады, ақыл-ой жұмысын рационалды ұйыдастырудың дағдылары мен ептілігі қалыптасады, таңдап алған мамандыққа икемділігін түсінеді, еңбекке, бос уақытты пайдалануға және тұрмыс тіршілігіне оптималды күн тәртібі қалыптасады, тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері бағытында өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жасалатын жұмыс жүйесі анықталады.

Негізін И.П.Павлов ашқан жаңалық, психофизиологиялық құбылыс, динамикалық стереотип түсіндіретін көп жылғы үйреншікті жұмыс стереотипін күрт сындыру, кейде нервтік бұзылыстарға және стрестік реакцияларға соқтырады [7]. Сол себепті, бұрынғы стереотиптердің сынуымен байланысты, бастапқы кезде салыстырмалы төмен үлгерім, қарым-қатынаста қиындық тудыруы мүмкін. Кейбір студентте жаңа стереотип секіртпелі, ал кейбіреуінде - бірқалыпты пайда болады. Сөз жоқ, бұл қайта құрудың ерекшеліктері жоғарғы жүйке іс-әрекеті типінің сипатына байланысты, дегенмен, әлеуметтік

факторлардың шешуші маңызы айқын көрінеді. Студенттің жеке-дара ерекшеліктерін білу негізінде оны жаңа іс-әрекеттерге енгізу және жаңа қатынастарға тарту жүйесі құрылады, дезадаптациялық синдромды болдырмау мүмкіншілігін береді, бейімделу үдерісінің бірқалыпты және психологиялық комфортты жүруіне көмектеседі.

Бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделу үдерісін зерттеу нәтижесінде басты қиындықтар анықталды: кешегі оқушылардың, өзара көмегі мен қолдауын қоса, мектеп ұжымынан кетуіне байланысты жағымсыз күйініш; мамандық таңдаудағы бұлыңғыр мотивациялар, оған жеткіліксіз психологиялық дайындық; педагогтың күнделікті бақылау әдетінің болмауымен қосарланатын мінез-құлық пен іс-әрекетті өзі психологиялық реттеуді жүзеге асыра алмауы; жаңа жағдайда еңбек пен демалыстың оптималды кестесін іздеу; тұрмыс тіршілігі мен өзіне-өзі қызмет етуді жөнге келтіру, әсіресе, үй жағдайынан жатақханаға ауысқан кезде; өздігінен жұмыс жасау дағдысының болмауы, конспектілеуді білмеуі, түпкі деректемелермен, сөздіктермен, анықтамалармен, көрсеткіштермен жұмыс жасау дағдыларының жоқтығы. Шығу тегіне байланысты барлық қиындықтар әртүрлі болады. Кейбір қиындықтардан объективті құтылуға болмайды, басқалары субъективті сипатта және нашар дайындық, от басында және мектептегі тәрбиенің кемістігіне байланысты болады.

Жоғары оқу орындарында студенттердің әлеуметтік бейімделуінің бөлінуі:

1) кәсіптік бейімделу – оқу үдерісінің сипатына, мазмұнына, жағдаяттары мен ұйымдастырылуына бейімделу, оқу және ғылыми жұмыстарда өздігінен еңбектену дағдыларын қалыптастыру деп түсініледі;

2) әлеуметтік-психологиялық бейімделу – индивидтің топқа, онымен өзара қарым-қатынасына бейімделу, өзінің мінез-құлық стилін құру;

Бейімделу – белсенді іс-әрекеттің алғы шарты және оның нәтижелілігінің қажетті жағдайы. Индивидтің әртүрлі әлеуметтік рольде табысты қызмет етуіне көмектесетін бейімделудің жағымды маңызы осында. Зерттеушілер бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнының жағдайына бейімделуінің үш түрін көрсетеді:

1) формалды бейімделу - жаңа ортаға, жоғары мектептің құрылымына, онда оқудың мазмұнына, оның өзінің міндеттеріне қоятын талаптарына студенттердің танымдылық-ақпараттық бейімделуіне қатысты.

2) қоғамдық бейімделу – бірінші курс студенттер топтарының ішкі интеграциясы (бірігуі) және осы топтардың тұтас студенттік ортамен бірігу үдерісіне қатысты.

3) дидактикалық бейімделу – студенттердің жоғары мектептегі оқу жұмысының жаңа әдістері мен үлгілері дайындығына қатысты [8].

Ағымда дәріс оқитын оқытушы, әрине, әрбір студенттің оқу материалын игерудің жеке-дара темпін, анализ бен синтезге қабілеттіліктерін, ойлаудың даму деңгейін ескере алмайды. Студенттің стрестік сәттерінде психикалық жағдайының өзгерістерін байқау қиын, мысалы, сынақ немесе емтихан кезінде, себебі оны ештеңемен салыстыра алмайды – дәріс тыңдаған уақытта студент аудиториядағы көптің ішінде «еріп» кетеді. Көптеген бірінші курс студенттерінің, кеше ғана мектеп мұғалімдерінің зейіні мен қамқорында болған, жоғары оқу орнының жаңа жағдайларында алғашқы кезде өздерін жайсыз сезінетіні кездейсоқ емес. Олардың жоғары оқу орнындағы іс-әрекеттерінің жаңа жағдайы – ол басқа сападағы жауапты тәуелділіктің қатынастар жүйесі, алдыңғы шепте өзінің мінез-құлқын өзі реттеудің қажеттілігі, жақында ғана оларға қол жетпестей болған, өзінің оқуы мен тұрмыстық жағдайын ұйымдастырудағы еріктік сатысының болуы тұрады. Әр студенттің бейімделу үдерісі өзінше жүреді. Еңбек өтілімі бар бозбалалар мен қыздар студенттік өмір мен тұрмыстық жағдайына жеңіл, әрі тез бейімделеді, кешегі мектеп оқушылары академиялық жұмысқа бейімделеді. Студенттік топтың міндеті – оқушыларды іс-әрекеттің жаңа түріне тартудың орташа нұсқасын іздеу емес, ал жалпы тиімді жұмыс үшін жағдай жасау. Әр курста студент дамуының бірқатар ерекше сипаттары бар:

Бірінші курс жақында ғана абитуриент болған адам ұжымдық өмірдің студенттік түріне көшу мәселелерін шешеді. Студенттердің мінез-құлқы конформизмнің жоғарғы

сатысымен ерекшеленеді; Бірінші курс студенттері өз рольдеріне дифференциалдық тұрғадан қарай алмайды.

Екінші курс – студенттердің оқу іс-әрекетіндегі ең қауырттылық кезеңі. Екінші курс студенттері оқыту мен тәрбиелеудің барлық түріне қарқынды кіріседі. Олар жалпы дайындық алады, кең мәдени сұраныстар мен қажеттіліктер қалыптасады. Белгілі ортаға бейімделу үдерісі негізінен аяқталады.

Үшінші курс – мамандандырылудың басталуы, студенттердің әрі қарай дамуы және кәсіби мүдделерін тереңдетудің көрінісі ретінде ғылыми жұмысқа қызығушылығының нығаюы. Мамандандырылуды қайсарлықпен қажет ету кейде тұлғаның әржақты мүдделерін тарылтуы мүмкін.

Осыдан кейін тұлғаның жоғары оқу орнында қалыптасуы негізінен мамандандырылу факторларымен анықталады.

Төртінші курс – жақында жоғары оқу орнын бітіру перспективасы – болашақ қызмет түріне анық практикалық ұстаным қалыптастырады. Материалдық және отбасылық жағдайларға, жұмыс орнына байланысты, жаңа, бұрынғыдан өзектілеу болатын құндылықтар пайда бола бастайды. Студенттер біртіндеп жоғары оқу орны өмірінің ұжымдық түрінен алшақтай бастайды. Өмірлік дос іздеу III-IV курстарда, студенттердің үлгеріміне, қоғамдық жұмыстарына әсер ете отырып, үлкен рөл атқарады. Әлеуметтанушылардың пайымдауынша, орныққан ережеге сәйкес, біраз «тыныштықтан» кейін от басылық жұп қоғамдық жұмыстардан шет қалмайды және ұжымнан бөлінбейді. Некеге түсу оқудың соңғы жағында студенттік ұжымның бөлінуіне соқтырмайды, дегенмен, тікелей тұлғааралық және топаралық қатынстар олардың мүшелерінің арасында азаяды.

Тұтас алғанда, студент тұлғасының дамуы болашақ жоғары білімді маман ретінде бірқатар бағытта жүреді:

- 1) идеялық сенімділігі, кәсіби бағыты тұрақтанады, қажетті қабілеттер дамиды;
- 2) психикалық үдерістер, жағдайлар, тәжірибелер жетілдіріледі, «мамандандырылады»;
- 3) парыздық борыш сезімі, кәсіби іс-әрекеттерінің табысты болуына жауапкершілік жоғарылайды, студенттің индивидуалдығы рельефті көрінеді;
- 4) өзінің болашақ мамандығы саласында студент тұлғасының талаптануы жоғарылайды; әлеуметтік және кәсіптік тәжірибені қарқынды табыс ету және қажетті қасиеттердің қалыптасуы негізінде студенттің жалпы кемелденуі және тұлғалық тұрақтануы жоғарылайды;
- 5) болашақ маман ретінде оған қажетті сапалық, тәжірибелік қалыптасуда студенттің өзін-өзі тәрбиелеудің үлес салмағы жоғарылайды;
- 6) кәсіптік дербестігі және болашақ практикалық жұмысына дайындығы нығаяды [9].

Студент тұлғасының психологиялық дамуы – қарама-қайшылықтардың пайда болу және шешілуінің диалектикалық үдерісі, сыртқының ішке өтуі, өздігінен қозғалыс, өзімен белсенді жұмыс жүргізу. Студенттің әлеуметтенуі белсенді іс-әрекетте, қызметте және адамдармен қарым-қатынаста, ізденісте, өз жауапкершілігін сезінудің нәтижесінде іске асады. Сондықтан студент белгілі тарихи-мәдени ортада өмір сүретін, әлеуметтік-психологиялық және моральдық талаптарды бойына сіңірген, шынайы өмірді тануға және өзгертуге бағытталған жасампаз іс-әрекет субъектісі. Жоғары оқу орындарының, оның оқытушы професорларының басты міндеті студент жастардың әлеуметтенуінің, ақыл-ойының дамуының синтетивті кезеңін сапалы біліммен, мәнді талап қою және адамгершілік үлгілерімен нәрлендіру. Ол болашақ мамандардың дүниетанымының көкжиегін кеңейтіп, жоғары саналы тұлға болуына негіз болады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсатының өзі – жастардың азаматтық, әлеуметтік дербес тұлғалық қалыптасуын жүзеге асыру үшін қажет құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау мен нығайту болып табылады.

ЖОО оқу кезеңі - тұлға қалыптасуының маңызды кезі. Әлеуметтену-бұл тұлғаның белгілі бір әлеуметтік жағдайларда қалыптасуы, адамның әлеуметтік тәжірибені меңгеру үдерісі барысында оны әлеуметтік тәжірибені құндылықтар мен бағдарларға түрлендіреді.

Студенттік жаста әлеуметтенудің барлық механизмдері іске қосылады. Ол студенттің: әлеуметтік рөлді меңгеруі, «кәсіби маман» рөліне дайындық. Бұл оқытушылар мен студенттік топ тарапынан болатын әлеуметтік әсер ету механизмі. Адамда дүниеге келгеннен бастап өмірінің соңына дейін оның психикасы заңды және біртіндеп дамиды, жалпы ол таным процестінің қайтымсыз сандық және сапалық, құрылымдық өзгеруі. Басқаша айтқанда субъектінің қоршаған шынайы өмірмен араласуда орындайтын психикасының қызметі. Психиканың дамуының объективті заңдарын түсіну үшін алдымен мынадай сұрақтарға жауап іздеу керек. Ұжымдық өмір сүрудің өзекті мәселелерін тәжірибелік шешу үдерісіндегі қарым-қатынас және тұлғааралық қатынастар қалыптасады. Сондықтан студенттік өзін өзі басқару, тәрбиелеу үдерістерінің күшті факторы ретінде жүзеге асырылады. Тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға қойылатын басқа талаптар тәрбиеленушінің тұлғасына сыйлы тұрғыда кез келген біріккен әрекеттің тең құқылы және толық серігі ретінде қарайды.

Қазіргі кездегі педагогикада және психологияда тәрбиелеуге тұлғаны таңдап алынған идеалмен сәйкес мақсатты бағытталған қалыптастыру ретінде емес, өзіндік дамуы үшін шарттар жасау ретінде қарайды. Жас балалық шақтың ең негізгі ерекшелігі адамның өзінің даралығының, қайталанбайтындығынөзінің танымын құрайтын бір бірімен тығыз байланысқан 3 компонентті: танымдық, эмоционалды және тәртіптік құрастыруда «Мен» бейнесін қалыптастырудағы ерекшеліктер. Студент үшін негізгі оқу әрекетіндегі жетістіктердің талабын қанағаттандырмаса, заңды түрде өмірдің басқа салаларында - спортта, бизнесте, қоғамдық әрекетте, хоббиде т.б. байқадады.

Студенттің қоршаған ортадағы студенттік ұжымда жағымды орны оның қалыпты тұлғасының қалыптасуына әсер етеді. Осылайша, тәрбиелеудің болуы адамның өзін өзі тәрбиелелеудің болуы адамның өзін өзі тәрбиелеуі үшін оның алдында мүмкін таңдаулар мен себептерді ашу жолымен соңғы шешімді тәрбиеленушінің өзі қабылдау керек екенін ескере отырып қолайлы жағдайлар туғызуы керек. Студентке студенттік ортаның өзі, студенттік топ ерекшеліктері күшті тәрбиелік әсер етеді. Адамның тұлға болып қалыптасуының қайнар көзі ретінде қоғам қарастырылады, ал оның дамуына әсер етуші күш ретінде заттық құбылыс жүйесіндегі қарама-қайшылық қарастырылады. Тұлға болып қалыптасудағы ерекше әсер етуші күш әлеуметтік ортаның талаптарын меңгере отырып, жағдайларына бейімделу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Акопов Г.А. Социальная психология студента как субъекта образовательного процесса. –Самара, 2003. -345с.
2. Мұқанов М.М. Жас ерекшелік және педагогикалық психология. –Алматы, 2012.-247б.
3. Сарсенбаева Л.О. Психология личности. –Алматы: КазНПУ им.Абая, 2009.
4. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования. /Под ред. В.В.Давыдова/,М.,2014
5. Соломатина Т.Б. Социальная адаптация студенческой молодежи в процессе профессионального образования. –М., 2019.
6. Фельдштейн Д.И. Возрастная психология. М., 1997.
7. Формирование учебной деятельности у студентов / Под.ред. В.Я.Ляудис. –М.: МГУ, 1989.
8. Эльконин Д.Б. Психическое развитие в детском возрасте // Избр. психологические труды. М., 1989.
9. Айкинбаева Г.К. Жоғары мектеп психологиясы. Алматы. 2014, -318б.

УДК 159.9